

## Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (жалпы ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 1202 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 29 қыркүйектегі № 15813 болып тіркелді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. караңыз**

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 124-бабы 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің Үлгі жарғысы (жалпы ережесі);

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік кәсіпорынның Үлгі жарғысы

2. "Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің Үлгі жарғысын (жалпы ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның Үлгі жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 462 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15153 болып тіркелген, 2017 жылы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілер электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкте жариялған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін үйимдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін оның "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрінің

міндеттін аткарушы

Э. Әзімова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Каржы министрі

Б. Султанов

2017 жылғы "\_\_\_" қыркүйек

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2017 жылғы 28 қыркүйектегі

№ 1202 бұйрығына

1-қосымша

## Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысы (жалпы ережесі)

Ескерту. Үлгі жарғының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. \_\_\_\_\_ мемлекеттік (респубикалық немесе коммуналдық) мекемесі (бұдан әрі–мемлекеттік мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме үйымдық құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мэртебесіне ие коммерциялық емес үйим болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Алып тасталды – ҚР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік мекеме \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ шешімімен құрылды.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы \_\_\_\_\_  
богып табылады.
5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік  
мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын  
орган  
богып табылады.
6. Мемлекеттік мекеменің атауы (мемлекеттік меншіктің түріне тиесілігін, ұйымдық  
құқықтық нысаны мен ведомстволық бағыныстырығы көрсету)  
\_\_\_\_\_.
- .  
(республикалық немесе коммуналдық)
7. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері \_\_\_\_\_.

## **2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі**

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес  
теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.
9. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның  
құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында  
көзделген жағдайларды қоспағанда.
10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі  
ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның  
міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік  
тиісті бюджет қаржатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан  
Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті  
тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

## **3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні \_\_\_\_\_.
13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты \_\_\_\_\_  
богып табылады.
14. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін  
жүзеге асырады:  
1) \_\_\_\_\_;  
2) \_\_\_\_\_;  
3) \_\_\_\_\_.

15. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының зандарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле: тиісті саланың уәкілетті органның, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару**

17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады, ал коммуналдық мемлекеттік мекемені жергілікті атқарушы орган не аудан ( облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жинальысымен-аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратымен келісім бойынша жүзеге асырады.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функциялард жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) мемлекеттік мекеме жарғысын (ережесін) бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 5) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 6) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 7) мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 8) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын ( орынбасарларын) лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатады;
- 9) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

10) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мұлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;

11) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша республикалық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады (жергілікті атқарушы органның немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық әкімі аппараты) коммуналдық мемлекеттік мекемеде қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

12) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органымен немесе жергілікті атқарушы органды және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратымен) қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органдына (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі) тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда (ережеде) айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

23. Мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың озге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органның не жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты тағайындастын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеге және жазалау шараларын қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің озге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындаиды;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен (ережемен) және тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты жүктелген озге де функцияларды жүзеге асырады.

## **5-тaraу. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі**

24. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның тенгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржық ездере себінен құрылады.

25. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 161-бабының 2-тармағында көзделген салаларында мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетең ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 20.08.2021 № 727 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

28. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

29. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты) жүзеге асырады.

#### **6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

30. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

#### **7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

31. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты шешімі бойынша жүзеге асырылады, және "Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

#### **8-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

32. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратынің шешімі бойынша жүргізіледі.

33. Мемлекеттік занды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

34. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, республикалық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

35. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы органдың және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты жүзеге асырады.

36. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекемені мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдың не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты қайта бөледі.

37. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

#### **9-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

38. Мемлекеттік мекеменің мынадай филиалдары мен өкілдіктері бар:

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_.

Басшы \_\_\_\_\_

Т.А.Ә.А. (болған кезде) қолы

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2017 жылғы 28 қыркүйектегі  
№ 1202 бұйрығына  
2-қосымша

#### **Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысы**

##### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. \_\_\_\_\_ мемлекеттік (респубикалық, коммуналдық) кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы (жедел басқару құқығындағы) мемлекеттік кәсіпорынның үйимдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын "—" \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ сәйкес құрылды.

(меншік иесі шешімінің атауы)

3. Кәсіпорынның құрылтайшылары \_\_\_\_\_ болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік (респубикалық, коммуналдық) меншік құқығын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган \_\_\_\_\_  
(бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы, жергілікті атқарушы органы не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: (республикалық немесе коммуналдық шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе жедел басқару құқығындағы) \_\_\_\_\_

7. Кәсіпорынның орналасқан жері \_\_\_\_\_ .

## 2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

## 3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні \_\_\_\_\_

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты \_\_\_\_\_  
болып  
табылады

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) \_\_\_\_\_ ;

2) \_\_\_\_\_ ;

3) \_\_\_\_\_ .

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесем жергілікті атқарушы органының не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### 4-тaraу. Кәсіпорынды басқару

17. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (республикалық мемлекеттік кәсіпорындар үшін):

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;
- 2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;
- 3) Тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша республикалық мемлекет кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы не қазыналық кәсіпорын) айқындауды, жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді;
- 4) Тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алыш қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;
- 5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;
- 6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алыш қоюды жүзеге асырады;
- 7) Кәсіпорынға алыш қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен тенгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;
- 8) Тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;
- 9) Тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды

қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар (өкілдіктер) құруға жазбаша келісім береді);

10) Кәсіпорында бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорындардың жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуі жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 20.08.2021 № 727 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Тиісті саланың уәкілетті органы (республикалық мемлекеттік кәсіпорындар үшін):

1) Кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқынайты;

2) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындағы қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есепті қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Кәсіпорынның таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке толық және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) жыл сайын қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады;

11) жыл сайын Кәсіпорынның енбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпоры басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

19. Жергілікті атқарушы органның және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты (коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар үшін):

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге үәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндettі жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

4) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есепті қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды ;

9) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

10) Кәсіпорын мүлкінің есепке алууды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпоры басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйлақы жүйесін белгілейді;

11) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

20. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5 - бөлімінде көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

21. Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты) Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

22. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және егер "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Занында (бұдан әрі – Зан) және Кәсіпорынның жарғысында өзгеше көзделмесе, Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Занмен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

23. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мұдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шottтар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін бүйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеген шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазага тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе жергілікті қоғамдастық жинальысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мыналарға:

таза кірістің белгіленген бөлігі уақтылы бюджетке аударылмағаны үшін;

Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін жауаптылықта болады;

10-1) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуы үшін дербес жауаптылықта болады;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 20.08.2021 № 727 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

24. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Қәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

#### **5-тaraу. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері**

25. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдынала беркітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы Қәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) ұсыныстар енгізеді;

5) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органдың не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратының) ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындейдьы, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындейдьы, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

26. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

27. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның тәрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының), байқау кеңесі мүшесінің немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

28. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғага (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

29. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі тәрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

30. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

## 6-тарау. Кәсіпорынның мұлкі

31. Кәсіпорынның мұлкін, құны оның тенгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

32. Кәсіпорынның мұлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

33. Кәсіпорынның мұлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мұліктен;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мұліктің (акшалай табыстарды қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

34. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлкі болуы мүмкін.

35. Шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табигатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

36. Шаруашылық жүргізудегі (жедел басқару) мұлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мұлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

37. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мұлікке шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мұлікті өз тенгеріміне бекітken сәтінде туындейды.

38. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мұлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

39. Кәсіпорынның мұлкіне шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген негіздері бойынша және тәртіpte, сондай-ақ Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

**Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40. Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығындағы) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен не жергілікті қоғамдастық жиналысымен - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратымен келісу бойынша тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы.

Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығындағы) дебиторлық берешекті тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі апаратының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға, қарыз беруге құқылы.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 20.08.2021 № 727 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41. Кәсіпорын (жедел басқару құқығында) осы Жарғының 38-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органың (жергілікті атқарушы органың не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі апаратының) жазбаша келісімімен ғана негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иелікten шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқылы.

**Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41-1. Кәсіпорын (жедел басқару құқығында) дебиторлық берешекті тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органың не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі апаратының жазбаша келісімімен беруге және есептен шығаруға, қарыздар беруге құқылы.

**Ескерту. 6-тaraу 41-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 20.08.2021 № 727 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

42. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында (жедел басқару құқығында) бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

43. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі апараты) өзгеше белгіленбесе, осы

Жарғының 40 және 42 - тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығында) дербес пайдаланады.

## 7-тaraу. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

44. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

45. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

46. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

47. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## 8-тaraу. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

48. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері (шаруашылық жүргізу құқығындағы \_\_\_\_\_ құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

49. Кәсіпорынның жарғылық капиталы (жедел басқару құқығындағы) меншік иесінін жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

## 9-тaraу. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

50. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және тиісті саланың уәкілетті органмен келісім бойынша немесе жергілікті атқарушы органның жергілікті қауымдастық жиналысымен - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратымен келісім бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (шаруашылық жүргізу құқығындағы), шағын және орта бизнестің халықаралық стандартына немесе қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (жедел басқару құқығындағы) сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

52. Байқау кеңесімен Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органының не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

## 10-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

53. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

54. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының немесе тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органының не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

55. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы занды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүліктін алып қоюға жол берілмейді.

56. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

## 11-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

57. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органы және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты белгілейді.

58. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығындағы) дербес айқындейды.

59. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

60. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорының басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы, және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін - жергілікті атқарушы орган және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді.

## **12-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

61. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

62. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қагидастына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **13 - тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

63. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдарының және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты шешімі бойынша жүргізіледі.

64. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, республикалық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органдары келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жүзеге асырады.

65. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырығаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті

атқарушы орган немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты қайта бөледі.

66. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

#### **14-тaraу. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

67. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органдың ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органдың бұйрығымен енгізіледі.

Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, облыстық коммуналдық мүлкіне билік етуге өкілетті атқарушы органға өкілеттік беріледі.

Басшы \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә.А. (болған кезде) қолы